

ISSN 1563-0285
Индекс 75873; 25873

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия международные отношения и международное право

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

International relations and international law series

№3 (71)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕНҮІ: АХУАЛЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қытай мен Орталық Азияның саясат пен экономика тығызы көрініс тапқан қарым-қатынастары бай тарихи жолмен ерекшеленеді. Дәстүрлі орталықазиялық бағыт Қытайдың негізгі экономикалық саясатының бірі болып табылады. Ұлы Жібек Жолының гүлденеуі кезеңіндегі (II-ші ғасырдың ортасына дейін) қазіргі Орталық Азия территориясында орналасқан мемлекеттік құрылымдар Қытай мен Еуропаның арасындағы транспорттық көпір қызметін атқарды.

Аталған кезеңдері Қытай аймақтың (Орталық Азия) сыртқы экономикалық локомотиві және ғылыми білімдер мен алдыңғы технологиялардың басты көзі болды. Ұлы географиялық ашылымдар дәүіріндегі (XVI ғасыр) теңіз тасымалының дамуы Ұлы Жібек Жолы негізін қалаған әлемдік сауданың құрлықтық бөліктен теңіз жолдарына ауысуын жеделдетті. Теңіз транспортының арзанға түсіу Орталық Азияның экономикалық-географиялық оқшаулануына алып келді.

Орталық Азияның XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының құрамына кіруіне байланысты өнірдің Қытаймен экономикалық байланыстары әлсіреп, Ресейге бағытталды. Бұл өзгеріс Орталық Азияның экономикалық-географиялық оқшауланудан шығып, экономикалық байланыстардың айтартытай сапалылануына ұшыратты. Ресей империясының құлауымен ресейлік-орталық азиялық экономикалық байланыстардың ұстамды жаңа кезеңі басталып, КСРО-ның өмір сүруімен Орталық Азия елдерінің экономикасында қарқынды даму байқалды.

Кеңес Одағының құлауына дейін Ресейдің өзі Орталық Азияның экономикалық дамуының локомотивін атқарып, өнірдің қазіргі экономикалық келбетінің түзілуіне шешуші ықпал жасады. Аталған кезеңдері Қытай мен Орталық Азияның экономикалық байланыстары тәжірибелік түрде іске аспады. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы Орталық Азияның (OA) – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Туркіменстан, Өзбекстан елдері арасындағы Ресеймен экономикалық байланыстар тұйыққа тіреліп, біруақытта Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) экономикалық қатынастардың дамуы басталды.

ҚХР-дың Орталық Азиядағы экономикалық саясаты Пекиннің Қытайдың экономикалық жаһандану мен әлемдік саясатың орталығына айналдыру тұжырымнамалық стратегиясы-

ның бір бөлігі саналды. 1990-шы жылдардың бірінші жартысы Қытайдың жаңа қалыптасқан мемлекеттермен сауда байланыстары ақырын, біrbагытты сипатқа ие болып, негізінде алып-сатарлық бизнеспен шектелді. Екі жақты экономикалық қатынастардың ол уақыттағы толыққанды дамымау деңгейін, Қытайдың ОА-ғы саясатының жалпы күн тәртібінде белгіленбеуі және Орталық Азиямен шекара дағы Синьцзян Үйғыр автономиялық ауданы (ШҰАА) мұддесі тұргысынан жүргізілуімен түсіндірледі. Тұгас Қытай үшін, ОА мен экономикалық қатынастар басымдыққа ие болмады. Бұл біріншіден қытайлық ұзақмерзімді мұдделердің өнірдегі анық емес және шектеулі мүмкіндіктерімен байланысты болды (экономикалық, саяси-дипломатиялық және т.б.)

Бірақ та 90-шы жылдардың ортасынан бастап, Қытай өнірге экономикалық ену бойынша бірқатар мақсатты және тәжірибелік маңызды қадамдар бастады. Оның үстіне, Орталық Азияда сол уақыттарға дейін мұнай мен газдың және басқа да шикізат ресурстарының айтарлықтай қоры бары анықталып, Пекиннің «Ұлкен Батысты» игеру ұлттық стратегиясының бір тұрғысында қарастырыла бастады. Орталық Азия елдері сонымен бірге, 55 миллионга жуық тұрғындары арқылы, өткізуінде сыйымды нарығын да арттыруды [1].

Экономикалық-географиялық күштермен басқа да факторларға байланысты «Ұлкен Батысты» игеру стратегиясының басты міндеті ШҰАА-ның дамуы болды [1, 85 б.]. Орталық Азия елдерінің географиялық жақындығын пайдалана отырып, Пекин өнірдің шикізат ресурстарын Синьцзянды индустріяландыруда колдануға және өзінің өнімдерін өткізу арқылы шекара аймағындағы экономикалық өсімді қамтамасыз етуге ұмтылды. Сондықтан, 90-шы жылдардың екінші жартысынан ҚХР-дың Орталық Азия мемлекеттерімен қауіпсіздік саласындағы өзара ынтымақтастығымен қоса (оның ішінде «Шанхай бестігі» аясында), біршама күштер экономикалық қатынастарды дамытуға жұмысалды. Бұл алдымен ҚХР-дың ОА-да инвестициялық жобалар қызметінің басталуында (мұнай-газ салаларында) және сауда ауқымының кеңеюінде (алып-сатарлық сауданы қосқанда) көрінді. Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда қатынастарының жылжуына 1998 жылғы Ресейдегі қаржы-экономикалық дағдарыста септігін тигізді. Аталған дағдарыс ресейлік-орталық азиялық экономикалық қатынастардың төмөндеуіне алып келді.

Өнірдің елдері қытайлық өнімдерді қолдануға уақыт өткен сайын қызығушылық арттырып, машина, құрылым, кең-қолданыстағы тауарлар айналымы өссе түсті. ШҰАА ірі сауда алаңына айналып, қытайлық-орталық азиялық сауданың 60-70% қамтыды [2].

XXI ғасырда Қытайдың ОА өніріне белсенді экономикалық кірігуі бірінші кезекте ел экономикасының қарқынды дамуымен байланысты. Қытайдың экономикалық даму қарқыны 9-11% құрайды. ЖІӨ-нің өсуімен энергияны тұтыну көлемі де артты [2, 114 б.]. ҚХР-дың өзіндік мұнай-газ ресурстары жетіспейді. Осыған орай, ҚХР сыртқы елдерден энерго ресурстарын белсенді іздестіру жұмыстарын жалғастырады. Қытай мұнай мен газды негізінен Таяу және Орта Шығыс елдерінен тасымалдайды Алайда, атальыш аймақтағы саяси тұрақсыздық және теңіз бұғаздарындағы (Ормuz және Малак бұғаздары) коммуникацияның қатерлері Пекинді басқа ресурс аландарына назар аударуға итермеледі. Қытай өзінің сыртқы энергетикалық стратегиясын тұжырымдап анықтады. Ол келісідегідей бағыттарда жүреді:

- импортталуши шикізат түрлерінің, мұнай импортының, сонымен қатар, оны тасымалдаудың формалары мен бағыттарын диверсификациялау;

- басқа елдерде көмірсутек кеніштерін өңдеуді іске асыруда қытай компанияларының қатысуы;

- атом энергетикасы саласында Ресей және Франциямен алдағы техникалық әріптестікті жалғастыру [3].

Аталған сыртқы экономикалық стратегияда Орталық Азияның рөлі зор еді. Қытай өзінің энерго ресурстарын Орталық Азия өнірі арқылы қамтамасыз етуге жаңа ғасырдан бастап айрықша кірісті. Сонымен бірге, Қытайдың аймақта экономикалық енуіне АҚШ пен Ресейдің тұрлі қадамдармен өз стратегиялық ұстамдарын орнатуға ұмтылуы да себеп болды. XXI ғасырдың басталуымен АҚШ-тың Орталық Азияда басым қатынасу факторына байланысты Қытай өніріге экономикалық кірігу саясатын күштейтті. Пекин үшін бастысы өзіне тиімді емес жоспардағы ахуалдардың ОА-да дамымауы және бай ресурстарға кедергісіз шығуды кепілдендіру болып табылды. Осыған байланысты бүрін экономиканы құрайтын қатынастар екінші санатты болса (мысалы, қауіпсіздік және саяси-дипломатиялық мәселелермен салыстырғанда), енді жаңа ғасырда экономикалық енулерді өз стратегиясының басты элементі ретінде тұжырымдады.

Осыған орай, Қытай сауда көлемін ұлғайту, жобалық-инвестициялық және қыржы қызметтерін сапаландыру әсіресе өнір мемлекеттеріндегі маңызды саналған экономика салаларын кредиттеу жоспары арқылы өз ұстанымдарын нығайтуға ұмтылды.

Пекин сауда-экономикалық қатынастарда көп күшін қытайлық тауарларды, машина және құрылғыларды өткізуге, қызмет көрсету саласын ұлғайтуға салды. 1992-2011 жылдардың ағымында ОА елдерінің Қытаймен сауда қатынастарының көлемі 40 – 50 есеге артты. Осы түргыда, 1991 жылы ОА-ның ҚХР-мен тікелей сауда байланыстары жоққа тең болса, онда XX ғасырдың бірінші онжылдығында оның деңгейі өнірдің Ресеймен арадағы сауда қатынастарымен тенесті. Оның ішінде алып-сатарлық сауда түрі қарқынды дамуға ие болды [4]. Қытайдың сауда қатынасының өсімі Ресейдің 1990-шы жылдардағы әлсіреуімен және ресми Мәскеудің бұрынғы жоғалтқан ұстамдарын қайта қалпына келтірудегі төмен қадамдарымен байланыстыруға болмайды.

Негізінде қытайлық өндірушілердің өнірдегі қатынасу ауқымы халықаралық құрылымдар мен Орталық Азия елдерінің статистикалық мәліметтерінің ескеруіне қарағанда айтарлықтай жоғары болып табылады. Статистикалық мәліметтерде Қытайдан тасымалданатын алып-сатарлық сауданың көлемі шынайы көрсеткіштерге сәйкес келмейді. Бұл туралы ҚХР-дың статистикалық органдарының мәліметтері дәлелдендіреді. Ол бойынша қытайлық-орталық азиялық елдер арасындағы тауар айналымы шамамен 35-40% артық жүреді [5].

Негізінде Қытайдың орталық азиялық сауда саясатында маңызды орынға өнірдің шекаралас және территориясы бойынша ең ірі елі Қазақстан иеленеді. Ол біріншіден, Қазақстанның ҚХР-мен жоғары сапалы транспорттық байланысымен, тұрғындардың жоғары тұтынушылық қабілеті және сыртқы саудадағы либералды бағыттарымен анықталады. Өз кезегінде Орталық Азия елдерінің ішіндегі жалғыз ДСҰ-ға мүше Қыргызстан Қытай үшін өнімдерді өткізу нарығы ретінде емес, алдағы қытайлық тауарлардың реэкспорты жоспарында қызықты болып табылады.

Қазақстан мен Қыргызстанга қарағанда Қытайдың сыртқы сауда саясатында өзінің ауқымды тұтынушылық нарығына қарамастан (28 млн. тұрғыны бар), Өзбекстан аз рөл ойнайды. Ол – Өзбекстанның сыртқы сауда режимінің төмен

либералдылығымен, консервативтілігімен және жалпы шекараға ие болмауымен түсіндіріледі. Бұл ретте Тәжікстан, Түркіменстан секілді өнір мемлекеттері де Пекиннің экономикалық саясатында ерекше мәнге ие емес. Оның себебі атальған мемлекеттердің тұтынушылық қабілеті мен нарық деңгейінің көлемесіздігімен, Түркіменстанның Қытайдан географиялық алшақ орналасуымен айқындеймый.

Нәтижесінде 1992 – 2009 жылдардың барыстарында анағұрлым жоғары сауда көлемдері Қытай мен Қазақстан арасында байқалып, жалпы қытайлық-орталықазиялық тауарларның 80-86% құраса, Өзбекстанның үлесіне – 6-9%, Қыргызстанға – 1-8%, Түркіменстанға – 1-2% және Тәжікстанға – 0,1-4% тиесілі болды. Осымен байланысты ОА елдері ҚХР-дың қандай да бір маңызды сауда әріптестері болып табылмайды (әрине, стратегиялық маңызы бар мәселе-ге жататын көмірсутекті шикізатты жеткізуден басқа) [3, 2 б.]. Алайда, Қытай тиісінше өнір елдерінің барлығына басты сауда әріптесі болып қалыптасты.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында Пекин ОА елдеріне қытайлық тауарлар мен қызметтер үшін өнірдің нарықтарына женілдетілген шартпен мақсатты кредиттерді жеткізе бастады. ОА елдерін кредиттеумен негізінен ҚХР-дың Экспорттық-импорттық банкі (ЭКСИМ-банк) айналысып, кредиттердің өзі басты ретте қытайлық компаниялармен игерілді. ҚХР-дың ОА-ғы қаржылық ресурстарының көлемі (инвестициялар, кредиттер мен сатып алынған активтерді қосқанда) 25 млрд. АҚШ долларына бағалануда.

Егер, 1990-шы жылдардың соңында Орталық Азия елдеріндегі қытайлық қаржы ресурстары 1 млрд. АҚШ долларынан асса (инвестициялардың басым болігі тек мұнай-газ секторына бағытталды), XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында оның көлемі 20 есеге өсті [6].

Қытайдың жобалық-инвестициялық және тұтастай алғандағы қытайлық компаниялардың ОА-ғы басым экономикалық қызметтері көміртекті мол әлеуетке ие Қазақстан мен Түркіменстанның мұнай-газ саласы маңына шоғырланған. Мұнай-газ секторы Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық саясатының басты бағыты болғанына қарамастан, саларалық қытайлық активтерде айтарлықтай маңызға ие болады.

Мұнай-газ саласымен қоса, соңғы жылдары өнірдегі қытайлық мұдделер бағдары Қазақстанның атом энергетикасы, Тәжікстандағы электроресурстары және транспорт пен телекомму-

никациялар, құрылымы және түсті металлургия, сонымен қатар, химия мен жеңіл өнеркәсіп салаларынан көрініс табады. Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық ықпалының барыстары нәтижесінде оның өрісі біртіндеп өнеркәсіптің көмірсүтек қорларына ие емес Тәжікстан мен Қыргызстанга, мұнай мен газдың қорларына ие, бірақ, оларды экспорттау бойынша жоғары мүмкіндіктерді айқындаштын Өзбекстанға да таралып жатыр.

ҚХР-дың сауда-экономикалық стратегиясы және ұлттық инновациялық-өнеркәсіптік даму Жобасы аясындағы кредитті-қаржылық, жобалық-инвестициялық саясатпен қатар, Қытай мемлекетаралық экономикалық өзара әрекетті көпқырлы дамытатын жаңа тетіктерді жүзеге асыру үстінде. Ол бірінші кезекте Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) аясында іске асуга. XXI ғасырдың бірінші онжылдығының екінші жартысында ШЫҰ аясында Банкаралық бірігу және Іскерлік кеңесі сынды тетіктер мен алаңдар қалыптасып, оларда Қытай өзінің жеткіші ұстамдарын орнықтыруды.

Жалпы, Қытайдың Орталық Азияға экономикалық ену сипаты 2001 жылдан соң, өніралық мәртебеден шығып, халықаралық стратегияның бір бөлшегіне ие болады. XXI ғасырдың келуімен ҚХР жетекшілігі экономиканы ОА-ғы саясатының негізгі өзегі ретінде қарастырды. Бұның маңызды индикаторы ретінде көлемді қытайлық қаржы ресурстарының артуын атайды [7].

Қазіргі танда ҚХР-дың ОА-ғы экономикалық саясаты, Пекиннің модернизациялау жоспарындағы сыртқы ахуалдарды жақсарту бойынша жалпы стратегиясына қатаң бағынуымен ерекшеленеді. Қытайдың жаңа ғасырдағы сыртқы саясатының бағыттары елді экономикалық жаһанданудың басты ортасына айналдыруға сяды. Аталған мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында ҚХР жобалық-инвестициялық және кредит беру көлемдерін ұлғайту арқылы өзінің Орталық Азиядағы көпбағытты экономикалық ұстамдарын орнықтыруға күш салады.

Ресми Пекиннің өнірді өзінің геоэкономикалық ықпалының орбитасына сатылы айналдыру саясатын жоққа шығаруға болмайды. Алайда Қытай саяси топтары аталған саяси бағдарды ақырын, геосаяси және саяси мұдделерін жария етүсіз іске асыруды. Қытайдың Орталық Азияға экономикалық енуі ең алдымен өнірдің минералды-шикізат ресурстарын игеру мен импорттауға, жан-жакты қытайлық тауарлар мен қызметтерді экспорттауға бағытталуда. Қытай-Орталық Азия сауда қатынастары «дайын өнімді – шикіге алмастыру» формасында қалыптасып, елдердің шикізаттық мәртебесін қалыптастыруды.

ҚХР-дың ОА-ға экономикалық енуі басым ретте шынайы және субъективті себептермен түсіндіріледі. Ең алдымен өнірде бірыңғай экономикалық кеңістіктің (бірінші кезекте өнеркәсіптік және транспорттық), экономикалық ықпалдасу белгілерінің жоқ болуымен айқындау жеткілікті.

Әдебиеттер

- Сотрудничество и безопасность в Центральной Азии в условиях политических и социально-экономических трансформаций. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2007. – 85 с.
- Сыроежкин К.Л. Проблемы современного Китая и безопасность в Центральной Азии. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2006. – 113 с.
- Число нефтегазовых буровых установок в мире упало до пятилетнего минимума. [07.05.2015 ж.] <http://www.inform.kz/tu/article/2774144>
- Хафизова К. Казахско-китайская граница в прошлом и сегодня / под ред. М.Б. Олкотт и А. Малашенко // Многомерные границы Центральной Азии. Вып. 2. – М., 2000. – 58 с.
- Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия: Материалы VI Ежегодной Алматинской конференции [г. Алматы, 11 июня 2008 г.] / отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – 148 с.
- Экономическое проникновение Китая в Центральную Азию: состояние, проблемы и перспективы Регион/экономика. [14 июня, 2012 г.] <http://www.ca-portal.ru/article:2903>
- Мозиас П., Яковлева В. Внешнеторговая политика Китая после присоединения к ВТО // Мировая экономика и международные отношения. – 2009. – № 12. – 148 с.

References

- 1 Sotrudnichestvo i bezopasnost' v Tsentral'noy Azii v usloviyakh politicheskikh i sotsial'no-ekonomiceskikh transformatsiy. – Almaty: Kazakhstanskiy institut strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente RK, 2007. – 85 s.
- 2 Syroezhkin K.L. Problemy sovremennoogo Kitaya i bezopasnost' v Tsentral'noy Azii. – Almaty: Kazakhstanskiy institut strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente RK, 2006. –113 s.
- 3 <http://www.inform.kz/ru/article/2774144> Chislo neftegazovykh burovых ustanovok v mire upalo do pyatiletnego minima. [13.04.2015 zh.]
- 4 Khafizova K. Kazakhsko-kitayskaya granitsa v proshlom i segodnya // Mnogomernye granitsy Tsentral'noy Azii. Vyp. 2. – M. – 2000. Pod red. M.B. Olkott i A. Malashenko. –58 s.
- 5 Tsentral'naya Aziya: sostoyanie i perspektivy regional'nogo vzaimodeystviya: Materialy VI Ezhegodnoy Almatinskoy konferentsii (g. Almaty, 11 iyunya 2008g.) / Otv. red. B.K. Sultanov. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2008. – 148 s.
- 6 <http://www.ca-portal.ru/article:2903> Ekonomicheskoe proniknenie Kitaya v Tsentral'nuyu Aziyu: sostoyanie, problemy i perspektivy Region/ekonomika. [14 iyunya, 2012 g.] Region/ekonomika. 14 iyunya, 2012 g.
- 7 Mozias P, Yakovleva V. Vneshnetorgovaya politika Kitaya posle prisoedineniya k WTO // Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya. – 2009. – № 12. – 148 s.